

**Товарищество с ограниченной
ответственностью "Мағжантай" ЖШС, "Baby
boom education" балабақшасы**

Өзін-өзі бағалаудан өту қорытындысы

Мазмұны

1. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы
2. Мамандар құрамын талдау
3. Тәрбиеленушілер контингенті
4. Оқу-әдістемелік жұмыс
5. Оқу - материалдық активтер
6. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры
7. Тәрбиеленушілердің білімін бағалау
8. Мектепке дейінгі ұйымның ата-аналары мен педагогтері үшін жүргізілген сауалнама нәтижесі
9. Кемшіктер мен ескертулер
10. Қорытындылар мен ұсыныстар
11. Косымша-2
12. Косымша-3
13. Косымша-4
14. Косымша-5

Бұйрық

№ 37

« 02 » ақпан 2025 ж

"Мағжантай" ЖШС, "Baby boom education" балабақшасы өзіндік бағалау аттестаттаудан өткізу туралы «Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2023 жылғы 04 қаңтардағы №2 бұйрығы негізінде

Бұйырамын:

- "Мағжантай" ЖШС, "Baby boom education" балабақшасы** Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі балабақшасында 2025 жылғы 01 ақпан - 1 наурыз айының аралығында өзіндік бағалау өткізілсін.
- "Мағжантай" ЖШС, "Baby boom education" балабақшасы** өзіндік бағалауды өткізу комиссиясының төмендегі құрамы бекітілсін:
 - Аттестаттау комиссиясының төрайымы: **Бабажан.А.** - меңгеруші әдіскер
 - Аттестаттау комиссия төрайымының орынбасары- **Богусова Гулнар.** - тәрбиеші
 - Комиссия мүшесі: - **Шиликбаева Карлыган** – тәрбиеші
 - Осы бұйрықтың орындалуын өз құзырымда қалдырамын.

"Мағжантай" ЖШС, "Baby boom education"
балабақшасының директоры: **Бабажан.А.**



1. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

Балабақшаның толық атауы: **"Мағжантай" ЖШС, "Baby boom education" балабақшасы** Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту ұйымның заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Ауэзов ауданы, Микрорайон Таугуль-3 Дауленова көшесі, № 25 үй
Телефондар: +7 747 870 2470

Электронды поштасы: a_coldstyle-727@mail.ru

Мектепке дейінгі мекеме ғимараты өз жұмысын 2017 жылдан бастады. Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Ауэзов ауданы, Микрорайон Таугуль-3 Дауленова көшесі, № 25 үй мекен жайы бойынша 2 топтық балабақша болып ашылған. Қазіргі жобалық қуаты **42 балаға** арналған Оқу іс- әрекеттері қазақ тілінде жүргізіледі. топтық а **42 балаға** арналған. Бірінші қабатта ортаңғы -топ, меңгеруші, әдіскер, медбике, хол, ас бөлмесі, кір жуатын орын, қойма орналасқан

Ғимарат түрі- **2 қабатты.**

Жер көлемі – **0,0710 га.**

Тәрбие мен оқыту- мемлекеттік тілде жүргізіледі.

Жоба қуаттылығы – **42 орын.**

Балабақшаның ауласы көгалдандырылып, беседкалар жасалған. Спорттық алаң жақсы жабдықталған: футбол, баскетбол алаңы және басқа да спорт түрлеріне арналған. Ауласында әр түрлі гүлдер, шырша ағаштары, Туя-өмір ағаштары бар. Бұл арқылы балаларға экологиялық тәрбие беру мен қатар ауаны тазалап тұрады. Ауладағы ағаштар мен гүлзарларды күту нәтижесінде- балабақша балаларына табиғатты күту мен аялау жайлы түсінік қалыптастырылады.

Біздің балабақшамыздың тамыры терең. Бұл киелі қара шаңырақ, білім ордасы, бүлдіршіндердің бақыт мекені. Алматы қаласы Алатау ауданындағы алғаш қазақ тілді, қазақи дәстүрді ұстанатын балабақшалардың бірі

"Мағжантай" ЖШС, "Baby boom education" балабақшасы бөлмелері арнайы негізгі құралдармен, жиһаздармен жабдықталған, әрі кең, әрі жарық.

Бірінші қабатта орналасқан бөлмелер: ортаңғы топ, (ұйқы бөлмесі, дәретханасы), дене шынықтыру залы, басшының, әдіскердің, медбикенің, есепшінің кабинеттері, дәрігерлік бөлме, ас блогы, қойма, кір жуатын бөлмелер, гимнастика залы, каратэ залы.

Екінші қабатта орналасқан бөлмелер: ересек (ұйқы бөлмесі, дәретханасы) және мектепалды топ (ұйқы бөлмесі, дәретханасы).

"Мағжантай" ЖШС, "Baby boom education" балабақшасының жұмыс режимі :сағат 08.00-18.30 дейін.

Тізімдік құрамы 42 баланы құрайды.

Жұмыс аптасының ұзақтығы: **5күн**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 17. 08.2021 жылғы №59 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар,бойынша санитарлық қағидалары мен нормаларына сәйкес балабақша ауласында балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты қажетті құрал-жабдықтармен қамтылған,серуен алаңдандары бар.

Мекемені орналастыру және күтіп ұстау бойынша санитарлық ережелер мен нормалар талаптарға сай. Алаңдағы жүктеме нормалары сақталады.

Технологиялық жабдықтың, тамақтандыруды ұйымдастырудың жай -күйі бойынша, қыс-жаз режимі орындалады. Жарықтандыру, сумен жабдықтау бойынша талаптар сақталады. Күзгі-қысқы кезеңге және көктемгі-жазғы кезеңге арналған жыл мезгілін ескере отырып, күн тәртібі мен оқу іс-әрекетінің кестесі әзірленіп бекітілді. Жүктеме нормалары мен іс-әрекет түрлерінің үйлесімі сақталды.

Мекемені орналастыру және күтіп ұстау бойынша санитарлық ережелер мен нормалардың талаптары, алаңдағы жүктеме нормаларының сақталуы, технологиялық жабдықтың, тамақтандыруды ұйымдастыруды жай-күйі бойынша, ауа-жылу режимі, жарықтандыру, сумен жабдықтау, кәріз бойынша сақталады.

Балабақшаның күн тәртібі: Қысқы-көктемгі кезеңге және жазғы-күзгі кезеңге арналған жыл мезгілін ескере отырып, күн тәртібі мен оқу іс-әрекет кестесі әзірленіп, бекітілді. Жүктеме нормалары мен іс-әрекет түрлерінің үйлесімі сақталады.

Ағымдағы және күрделі жөндеу қажеттілігі : қажет емес.

Құқық иеленушінің меншік иесі туралы мәліметтер:

Заңды тұлға Уәкілінің байланыс деректері:

Құрылтайшы (басшы): Қабылбек М.У

Әдіскер : Бабажан.А.

Қазақстан Республикасы,Алматы қаласы, Ауэзов ауданы , Микрорайон Таугуль-3 Дауленова көшесі , № 25үй **"Мағжантай" ЖШС, "Baby boom education" балабақшасы** 08.02.2022 жылғы № 2 -ж/қ бұйрығы негізінде мектепке дейінгі ұйым меңгеруші-әдіскер **Бабажан.А** лауазымына тағайындалған.

Мекеме атауы	Мекен жайы	Телефондары	Электрондық почта
"Мағжантай" ЖШС, "Baby boom education" балабақшасы жауапкершілігі жектеулі серіктестігі	<u>Қазақстан</u> <u>Республикасы, Алматы</u> <u>қаласы, Ауэзов ауданы,</u> <u>Микрорайон Таугуль-3</u> <u>Дауленова көшесі, № 25үй</u>	+7 747 870 2470	coldstyle- 727@mail.ru

Оқшаулау бөлмесі (бір орынға)

Балабақшаның медициналық бөлмесі керекті жабдықтармен камтамасыз етілген. Қызмет көрсету сапасы жоғары деңгейде. Балабақшада тазалық гигиеналық тәртіп сақтау талапқа сай жоғары деңгейде жүргізіледі. Күн тәртібі және балалардың тамақтану барысы үнемі сақталған. Балалармен оксалин майын мұрынға жағу және жұқпалы аурулардың алдын алу шаралары уақытылы жүргізіледі. Жыл бойы «С» витамині тағамға қосылып және нәрлеу мен жеміс-жидек шырындары үнемі беріледі.

Балабақша медбикесі шынығу жұмыстары бойынша бақылау жүргізіп, ата-аналарға баласының жағдайы туралы хабардар етіп, пайдалы кеңестер береді. Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымның басшысы персоналдың уақтылы медининалық тексеруден өтуін бақылайды. Қызметкерлердің санитарлық кітапшалары бар, рұқсат беру мерзімі бұзылмаған. Барлық қыметкерлердің вакцина паспорты санитарлық кітапшалары бар және рұқсат беру мерзімі бұзылмаған.

Есептік медициналық құжаттар 05.08. 2021ж. № КР ДСМ -76 «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына № 11 қосымшаға сәйкес жүргізілді және рәсімделді. Балалардың тамақтануы : тамақтануды ұйымдастырылуын, жеткізіетін азық-түліктердің сапасын және тағам дайындау мен беру кезінде санитариялық - гигиеналық талаптарын сақталуын бақылауды жүзеге асыру мақсатында «Детский сад Адилек» балалабақшасына бракераж комиссиясы құрылды және жұмыс істейді. Көктемгі-жазы және күзгі-қысқы кезеңдерге арналған перспективалық мәзір басшымен бектілген. Мәзір әртүрлі, тамақ 5 рет әзірленеді. Сағат 11:00де -итмұрын, жеміс немесе шырын беріледі. Күн сайын үшінші тағам витаминделеді. Алматы қаласы Білім басқармасының ұсынысымен 10 күндік мәзір жасалынды. Диетбике, брокераж комиссиясымен бірігіп күнделікті мәзір, ас дайындау сапасын қадағалап, күн сайын дайын тағамды тарату басталғанға дейін тағамдардың дәмін татады жіне сынаманың нәтежелерін «Бракераж журналына» енгізеді, акт жазылады. Топтардың тамақ алу кестесінің орындалуы қалағалан, күнделікті аралау жұмыстарын жүргізеді. Қамқорлық кеңес мүшелері, кесте бойынш, дайын тағамның органолептикасын карап, дәмін көріп тұрады.

Тамактанудың іс жүзіндегі рационы бекітілген перспективтік ас мәзіріне сәйкес келеді. Он күндік мәзірді талдау дайындалған тағамдарды алуан түрлігін көрсетті. Аспаздың өңдеу технологияның барлық талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Тез бұзылатын тамақ өнімдері тоңазытқыштарда сақталады. Температураны бақылау үшін термометрлер орнатылады. Ас блогы екі үй-жайда орналасқан, ет, көкөніс өнімдерін кесуге арналған орын бар, ыдыс жуу және дайын өнімді дайындау жұмысы бөлек жүргізіледі. Азық түлік өнімдерін жеткізуге келісім-шарттар, бойынша жасалды;

-ЖК «ZHLYSSOV»;

Өнімдерді есепке алу құжаттар (сертификаттары) бар және талаптарға сәйкес келеді. «Мектепке дейінгі ұйымдарды орналастыруға және ұстауға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға» сәйкес балаларды жас ерекшеліктеріне сәйкес жер учаскесінде серуендетуге арналған учаскелер жабдықталған. Ойым алаңдарында: бастырмалар, құм ауласы, сюжеттік-ойынқұрылыстары, спорттық алаңы орнатылған.

Дезинфекция мен дератизация шарты 04.01.2023 жылы «Дезинфекция - Т» ЖШС - мен жасалады. Балабақшада дезинфекциялық жұмыстар үшін дезинфекциялық құрал део хлор және 2% сабынды сода ерітіндісі қолданылалы. Део хлор жабық контейнерде, қараңғы және құрғақ жерде сақталады, сертификат қоса беріледі. Сақтау мерзімі, қолдану жөніндегі нұсқаулық бар. Балалар жиһазы жеткілікті мөлшерде, жиһаздың мөлшері (әртүрлі биіктіктегі үстелдер мен орындықтар) ескеріледі. бұл 05.08. 2021ж. № КР ДСМ - 76 санитарлық қағидаларының № 5 қосымшасының талаптарына сәйкес келеді.

Сапалы білім мен тәрбие беру – мектепке дейінгі мекеме жұмыстарының тиімділігі және даму көрсеткіштері. Оны жүзеге асыру үшін ең алдымен педагог мамандарының қызметі, дамуы маңызды болып табылады. Сондықтан да, педагогикалық менеджмент негізінде құрылған басқару қызметінің басты бағыттарының бірі ретінде педагогтардың мәртебесін көтеру, олардың кәсіби шығармашылық деңгейлерін арттыруға деген мотивация тудыру, өзін-өзі жетілдіруге ынталандыру болып табылады. Басқару қызметінде педагогикалық менеджмент негіздемесінде педагогтардың мәртебесін көтеру ғана емес, мақсаты тұрақталып ынтымақтастықпен жасалынып, жететін жетістіктерге бағытталған. Ұйымдастыру түрлерін жетілдіріп, бірлесе технологиялық шаралар мен ережелерді сақтай отырып, барлық педагогтарға қолайлы жағдайлармен қамтамасыз ету. Білім беру үрдісінің өнімділігін барынша арттырып, жаңа көзқарастардың тууына арналған жүйелі жұмыстардың арқасында балабақша ұжымында сапалық өзгерістерге қол жеткізілді. Тәрбие мен оқыту процесі Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес жүргізіледі. Білім беру салаларында, оқу қызметінде көлемінің тепе-теңдігі сақталған. Бала

құзіреттілігін қалыптастыру - білім беру қызметінің бағыты болып табылады. Мектепке дейінгі мекеме педагогтарының бірлескен іс-әрекеті балалардың дербестік даму кеңістігін, шығармашылығының басталуын қалыптастырады. Мектепке дейінгі мекеме педагогтарының ұжымды ынталандыру жүйесінде жеке өзіндік дамуы және дербестік шығармашылық әрекетіне бағытталған. Мұның өзі жаңа даму жүйесіндегі жеке тұлғаның дамуы және педагогикалық қызметінің жоғары сапалық көрсеткішін көрсетеді. Мектепке дейінгі мекеме тәрбиешілері мен педагог мамандар өзінің шеберлігін үнемі арттырып отырады. Біліктіліктерін жетілдіру үшін, озық іс- тәжірибелі мамандардан тәлім алады. Семинарлар, тренингтер, педагогикалық кеңестер, әдістемелік бас қосулар өткізіледі. Бүгінгі педагог - кәсіби ізденуші, зерттеуші, өз бетінше шығармашыл, әдістемелік теориялық ойлау қабілеті жоғары, ерекше ынта-ықылас, серпінмен, қызығушылықпен, құлшыныспен, ұжыммен бірлескен әрекеттер құра алатын мамандар. Сонымен қатар, өз білімін көтеру бағыты бойынша белсенді түрде жұмыс жүргізіледі. Алдыңғы қатарлы озық педагогикалық іс – тәжірибесін арттыруға жағдай жасалынған. Төменде педагогикалық ұжымның сапалық құрамындағы өзгерістер көрсеткішін келтіріп отырмыз. Мектепке дейінгі ұйымда штаттық кестеге байланысты Қазіргі уақытта қызметкерлер саны – **8**, педагогтар саны – **3**, әкімшілік және техникалық персонал – **5**.

Балабақша қажетті мамандармен қамтылған. Қызметкерлерді жұмысқа қабылдағанда төмендегідей құжаттар талап етіледі:

- 1. Еңбек келісім шарты**
- 2. Еңбек кітапшасы**
- 3. Жеке тұлға қағазы**
- 4. Диплом көшірмесі (нотариалды куәландырылған)**
- 5. Жеке куәлік көшірмесі**
- 6. Санитарлық кітапшасы**
- 7. Анықтама – соттылығы жоқ туралы**
- 8. Анықтама - наркологиялық науқастардың диспансерлік есептеуінде тұрмайтындығы туралы**
- 9. Анықтама – психикалық аурулар науқастарының диспансерлік есептеуінде тұрмайтындығы туралы.**

Мектепке дейінгі ұжым педагогикалық мамандармен толық қамтылған. Өзіндік бағалау барысында мекеменің ішкі тәртібінің іс-әрекеттерін анықтайтын құрылтайшы құжаттардың бар екендігі тексерілді.

Мектепке дейінгі мекеменің ішкі тәртібін реттеуші төлқұжаттары:

1. Алматы қаласы білім саласындағы бақылау департаменті, қызметті жүзеге асыруды бастағаны туралы: **№ KZ82RVK00038199**
2. Бизнес сәйкестендіру (БСН): **№ 211040018840**
3. Алматы қаласы Білім басқармасының **"Мағжантай" ЖШС, "Baby boom education" балабақшасы** Жарғысы тіркелген күні: **16 қазан 2021ж**
4. Техникалық төлқұжат **№ 06//7001 08.12.2006г.**;
5. Тұрақты жер пайдалану құқығы, кадастрлық **№ 20-312-062-204**
6. Мемлекеттік медициналық қызметпен келісім шарт **№1 «ЖШС «NEWMED БИН220340037956 Адрес: г. Алматы мкр-н 10а, үй 22 7. "Мағжантай" ЖШС, "Baby boom education" балабақшасының № 2 -ж/қ** бұйрығы бойынша директоры **Бабажан.А.**

лауазымына **08.02.2022ж** жылдан бастап тағайындалды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымының жұмысын ұйымдастыру жөніндегі ішкі әкімшілік құжаттар, ережелер:

- Жұмыс жоспарлары, педагогикалық кеңестер отырысының хаттамалары;
- Балалардың қозғалысы кітабы;
- Қызметкерлер мен балалардың жеке істері;
- Келіп түскен құжаттарды есепке алу және құжаттарды беру, есептілік туралы мәліметтер.

4.Балалардың жеке құжаттары:

1. Қабылдауға арналған жолдама.
2. Ата-анасының бірінің немесе заңды өкілінің куәландыратын жеке құжаты (сәйкестіру үшін).
3. Баланың тууын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін).
4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2003 жылғы 24 маусымындағы **№ 469 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №2423 болып тіркелге) бекітілген «Бала денсаулығы паспорты» 026у-3 есеп, 065 нысанын толтыру және жүргізу жөніндегі нұсқаулықта қарастырылған нысан бойынша баланың денсаулық паспорты.**
5. Баланың денсаулығы туралы анықтама.
6. Психологиялық, медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы (ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар үшін).

Тәрбиешілердің және қызметкерлердің жеке еңбек кітапшасы мен жеке іс-құжаттары сейфте сақталады. Балабақшаның барлық қызметкерлерімен әр уақытта техникалық қауіпсіздік жөнінде нұсқаулар өткізіліп, тиісті нұсқаулық журналдарына тіркеліп отырады.

Балабақшаның қызметкерлері өздерінің лауазымдық міндеттерімен және мекеменің ішкі тәртіп ережелерімен таныстырылған.

Жеке құрамы, негізгі қызмет және еңбек демалысы бойынша беттері нөмірленген, тігілген, мөрмен басылған, бұйрық кітаптары және оны тіркеу журналдары бар. Бұйрық кітаптары мемлекеттік тілде жүргізіледі.

7. Ата-аналармен екі жақты қол қойылған келісім шарт.

Балабақшада ата-аналармен мектепке дейінгі мекеме арасында төлемақыға байланысты келісім-шарт жасалынған. Келісім-шарттың мақсаты: Ата-аналармен балабақша арасындағы байланысты анықтайды және балаларды тәрбиелеу, оқыту, денсаулығын қадағалап отыруды реттейді. ҚР Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жалпыға міндетті стандартын ала отырып, бір жағынан **"Мағжантай" ЖШС, "Baby boom education" балабақшасы** меңгерушісі, екінші жағынан ата-ана осы келісім шартқа қол қояды.

Балабақшада ата-аналарға арналған консультациялық пункт бар және график бойынша мамандар жұмыс жасайды.

Соңғы үш жылдағы балабақшаны бітіріп мектепке қабылданған балалар саны

Жылдар	Балабақша түлектері			
	Түлек саны	%	Үлгерімі	%
2022-2023	3	100%	жақсы	100%
2023-2024	5	100%	жақсы	100%
2024-2025	-	100%	жақсы	100%

Науқастану және қатысу қорытындысы

Оқу жылы	2021	2022	2023
Орындалған күндер саны	5577	15623	9601
Науқастық күндер саны	5	20	20
Суық тиіп ауырған балалар	0	0	0
Жалпы науқас көрсеткіші	5	25	25
Аурудың пайыздық көрсеткіші	0	0	0

Балабақшада балалар денсаулығын жақсарту шаралары

Балабақшада балалар денсаулығын жақсартуға, иммунитетін көтеруге арналған төмендегі әр түрлі кешенді іс-шаралар жүргізіледі:

-Йодтық тапшылықтың алдын-алу шаралары;

- Балалар фильтрленген таза су ішеді. Ол үшін «SamalSU»-(бутылированная вода) жауапкершілігі шектеулі серіктестік компаниялармен шартқа отырып, таза сумен қамтамасыз етеміз. Әр топта диспенсер,бір реттік қолданатын (одноразовый) стакандары, су ішетін кеселері бар. Су ішетін режимі қатаң сақталады.

Тұмаудың алдын-алу шаралары:

- Балаларға оксалин майын мұрынға жағу;
- С витаминімен нәрлеу және итмұрын шырындарын беру;
- Лимон шәйін беру;
- Топтарда пияз,сарымсақ фитоциттермен тыныстау;
- Күніне 3 рет рецикуляр мен кварцты қолдану.

Балалар денсаулығын жақсарту бойынша медициналық алдын-алу кеңестері жүйелі түрде жүргізіледі. Балалардың санасында салауатты өмір салты жайлы түсінікті қалыптастыра отырып, балабақша қызметкерлері мен ата-аналары арасында тығыз байланыс орнатылған. Балалардың тамақтануына үлкен көңіл бөлінеді.Күнделікті тамаққа көкөністер,сүтті,балық тағамдары,тәтті тоқаштар,ірімшік, сапалы балғын жемістер,шырындар мен сусындар беріледі.



Жоғарыдағы диаграмма бойынша балабақшадағы балалардың науқастану деңгейі 2024 жылға қарағанда төмендеп келеді. Себебі балабақшамызда әртүрлі сауықтыру іс шаралары беосенді жүргізілуде.

Сауықтыру-шынықтыру шараларының негізгі функциялары

«Физикалық» дағдысының мазмұны баланың денсаулығын сақтауға және нығайтуға; тұрмыста, көшеде, табиғат жағдайларында, төтенше жағдайларда қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға; шығармашылық, танымдық, тілдік қабілеттерді қолдана отырып, негізгі қимылдарды жетілдіру арқылы тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс тәжірибесін байытуға бағытталған.

«Физикалық» дағдысындағы ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті:

- 1) дене шынықтыруды (ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілерге арналған бейімделген денешынықтыру);
- 2) қауіпсіз мінез-құлық негіздерін қамтиды. Дене шынықтыру оқу іс-әрекетінде заманауи

технологияларды, дәстүрден тыс дамыту технологияларын және ұлттық ойын түрлерін қолдану арқылы балалардың физиологиялық дамуына ерекше көңіл бөліп, салауатты өмір салтын бойларына сіңіруге арналған жұмыстарды жүйелі ұйымдастырады.

Денсаулық сақтау технологияларының кешенді жүргізудің басты мақсаты: мектепке дейінгі балалардың қимыл-әрекеттерін жетілдіріп, оның ағзасын суыққа төзімді болуға жаттықтыру. Дені сау баланы өсіруде бірнеше бағыттар алынды. Балалар ауруларын төмендетуге мүмкіндіктер жасау үшін педагогтардың кәсіби- шеберліктерін өрлету және де ата-аналармен ынтымақтаса отырып, шынықтыруды кешенді ұйымдастыру. Бұл іс-шаралар барлық білім салаларымен байланыстырып, әрекеттестіріп жалпы «Денсаулық сақтау технологиялары» деп аталады.

Шынықтырудың негізгі міндеттері: баланың тұлғалық ерекшелігін ескере күш-қайраттарын қалыптастыру және денсаулығын шынықтыруды жүзеге асыру.

Бұл міндеттерге, тек шынықтыру шараларының кешенді түрде өткізгенде ғана нәтижеге қол жеткізді, яғни балабақшадағы баланың болған бір күні – оның ағзасына пайдалы дәрумендерді енгізіп ас мәзірін түрлендіріп, оны балаға жеткізу, қарапайым шынықтыру мен қатар арнайы жоспарланған шараларды, қимыл-әрекеті үйлесімді ұйымдастырылады.

Баламен шынықтыру шараларын ұйымдастыру алдында бірнеше ережелерді сақтау керек:

Дені сау баламен шынықтыруды жүйелі жүргізу, оныңтеріс эмоциясын (үрей, жылау, мазасыздық) тудырмайтын және біртіндеп үдетіп, ұзартылып, медбикемен педагогтың қатаң қадағалауында болуы қажет. Оқу тәрбие үрдісін бала денсаулығына жүктеме болмайтындай, керісінше оны нығайтуға көмектесетіндей етіп ұйымдастыру керек. Балабақшаның жұмыс ерекшелігін ескере отырып, бала денсаулығын нығайту мәселелері, мектепалды балалардың физикалық дамуы – мектепке дейінгі мекеменің жұмысының негізгі бағыты болып табылады.

Денсаулық сақтау технологиясы балабақшада мынадай бағытта жүргізіледі:

1. Денсаулық сақтау және ынталандыру технологияларына жағдай жасау;
2. Салауатты өмір салтын үйрету технологиясы;
3. Түзету технологиялары.
4. Денсаулық сақтау және ынталандыру технологияларына мыналар жатады:
 - Сергіту сәті;
 - Көзге арналған жаттығулар;
 - Тыныс алу жаттығулары;
 - Қимылды ойындар;

2. Педагог кадрлармен жасақтау туралы мәлімет

Әкімшілік әр қызметкерге өзінің кәсіби дағдыларын тиімді жүзеге асыруға көмектесетін шаралар кешенін әзірлейді. Балабақшаның педагогикалық ұжымы әр жас тобы үшін дамыта оқыту атмосферасын құра алды, балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз етеді, өз жұмысында шығармашылық принциптерін көрсете отырып. мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығын сақтай алады. Ұжымда балаларды оқыту мен тәрбиелеудің жақсы ұйымдастырылған процесі қалыптасты, оқыту сапасының оң динамикасы байқалады.

**Педагогтардың білім көрсеткіші
Педагогтар жайлы мәлімет**

№	Тегі, аты, әкесінің аты	Білімі, оқу орны	Біліктілікті арттыру курстарынан өту орны (ұйым)	Тақырыбы	Санаты
1	Бабажан Аруна Жалғасқызына	"М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті коммерциялық емес акционерлік қоғамының педагогика ғылымдарының МАГИСТРІ	"Маман" оқу-өндірістік орталығы 808 сағат «ӨРЛЕУ» педагогикалық шеберлікті дамыту орталығы	мектепке дейінгі ұйымдарда меңгерушісі «Мектепке дейінгі педагогтардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту міндеттерімен іске асыру тәсілдері» 80 сағат	-жок
2	Богусова Гулнар laymart узыка	Казак мемлекеттік ЧАТТЫҚ ilbencumemire mycin, Voca артілган униbencume атің Толық курсвен механика Мате математи прикладник	"Маман" оқу-өндірістік орталығы 808 сағат «ӨРЛЕУ» педагогикалық шеберлікті дамыту орталығы	мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеші «БАЛАЛАР ІС-ӘРЕКЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ӘРТҮРЛІ ФОРМАЛАРЫ, ӘДІСТЕРІ МЕН ТӘСІЛДЕРІ » 80 сағат	-жок
3	Шиликбаева Карлыган	Как	"Маман" оқу-өндірістік орталығы 808 сағат	мектепке дейінгі	-жок

Сейтказиновнагаб	мемлекеттік қыздар педагогика институтын а түсіп, 20.06 жылы аталан институтты тарих, құқық және ЭКОНОДЦа негіздері пәндерінің лімі	«ӨРЛЕУ» педагогикалық шеберлікті дамыту орталығы	ұйымдарда тәрбиеші « БАЛАЛАР ІС- ӘРЕКЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ӘРТҮРЛІ ФОРМАЛАРЫ, ӘДІСТЕРІ МЕН ТӘСІЛДЕРІ » 80 сағат	
------------------	--	---	--	--

Тәрбиешілер мен педагогтардың базалық білімі

Оқу жылы	Білім беру ережесіне сәйкес келетін базалық білімі бар тәрбиешілер мен педагогтар саны (қайта даярлау курсы бар педагогтар)	Білім беру ережесіне сәйкес келетін базалық білімі жоқ тәрбиешілер мен педагогтар саны
2022-2023	-	-
2023-2024	-	-
2024-2025	3	3

Педагогтық құрамның орташа жас мөлшері.

20-25	25-30	30-35	35-40	40-45	45-50	50-55	55-60	60жастан жоғары
0	1	1	1	0	0	0	0	0

Педагог мамандарының өсу перспективасы.

Оқу жылдары	Жоғары білім	Арнаулы орта	Орташа	Оның ішінде сырттай жоғары оқу орнында оқиды
2022-2023	3	0	2	0
2023-2024	3	0	2	0
2024-2025	3	0	2	0

Біліктілік санаты бойынша педагогтар құрамы

Оқу жылы	Жоғары санат		Бірінші санат		Екінші санат Педагог-модератор		Санаты жоқ
2022-2023	0	0	0	0	0	0	5
2023-2024	0	0	0	0	0	0	5
2024-2025	0	0	0	0	0	0	5

Педагогикалық кадрларды қайта даярлау жоспары

2022-2023	2023-2024	2024-2025
0	0	3

Әкімшілік-басқару персоналының құрамы туралы мәліметтер

Аты-жөні	Лауазымы	Жұмыс өтілі	Білімі
Бабажан Аруна Жалғасқызына	Меңгеруші Әдіскер	8 жыл	педагогика ғылымдарының МАГИСТРІ

3.Тәрбиеленушілер контингенті

Оқу жылы	Барлық бала саны	Топ саны	Орта топ	Ересек топ
2022-2023	42	2	17	25
2023-2024	42	2	14	22
2024-2025	42	2	19	23

Балабақшада **2 топ** қазақ тілінде жұмыс істейді. Тізім бойынша-**42 бала** тәрбиеленуде. Әр топ балалардың жас ерекшелігіне сәйкес топтастырылған. Балабақшаның жұмыс уақыты: дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма күндері - сағат **8:00-ден 18:30-ге** дейін. Демалыс күндері: **сенбі, жексенбі**. Балалар үшін музыка залы, медициналық кабинет, әдістемелік кабинет, ашық спорт алаңы, барлық топтар заман талабына сай, балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып жабдықталған. Сондай-ақ

асхана, тамақтану, кір жуатын, кір үтіктейтін бөлмелері жыл бойы қызмет көрсетеді.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 17.08.2017 жылы №615 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық - эпидемиологиялық талаптар» бойына санитарлық қағидалары мен нормаларына сәйкес, балабақша ауласына балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты қажетті құрал-жабдықтармен қамтылған, серуен алаңдары бар. Педагогикалық ұжымы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартына (2018 жылғы 31 қазандағы № 604 КРУК). Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына (КР БЕМ 2016 жылғы 22 маусымдағы № 391 бұйрығына 1 - қосымша). Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (КР БГМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы) сәйкес ұйымдастырылды.

Балабақша балалар отбасымен де жұмыс істейді. Ата-аналардың жұмысы оқу-тәрбие жұмысының жылдық жоспарына сәйкес жүргізіледі. Ата-аналармен жұмыс балабақша баланың дамуының бірыңғай кеңістігін құрудың белсенді курсы ретінде қарастырылады. Ұжым ата-аналарды балабақша өміріне барынша тартуға, баланың даму процесіне сәтті әсер етуге тырысады. Ақпаратты материалдарға, сауалнамаларға көп көңіл бөлінеді. Ата-аналар топтың өміріне жақсы қатысады.

4. Оқу-тәрбиелік жұмыс тәрбие мен оқыту нәтижелері

Балабақшадағы оқу-әдістемелік жұмыс Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (КР ЖТ 03.08.2022 ж. № 348 бұрыты), Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын (14.10.2022 ж. № 422) ескере отырып құрылады. Бағдарламаны ескере отырып және жас топтары мен оқыту тіліне сәйкес жылдық жұмыс оқу жоспарлары, бағдарламалар, оқу жоспарлары жасалады. Мектепке дейінгі ұйымның жоспары балалардың дағдыларының құрамын анықтайды, жас және дағдылар бойынша білім беру мазмұнын игеруге бөлінетін уақытты анықтайды:

Әдістемелік жұмысты басқару педагогикалық кеңес арқылы жүзеге асырылады. 3 жыл бойы балабақша ұжымы келесі жылдар міндеттер бойынша жұмыс істеді және жұмыс істейді;

Жылдық міндеттемелер

2022-2023 оқу жылы	1.Денсаулық білім беру саласы бойынша оқу қызметтерін ұйымдастыруда балалардың
--------------------	--

	салауатты өмір салтын қалыптастыру 2.В.П Беспалько және дамыта оқыту технологияларын енгізу арқылы оқыту, ойын арқылы баланың қызығушылықтарын ояту.
2023-2024 оқу жылы	1.Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту бойынша оқу іс-әрекеттерін ұйымдастыруда танымдық қабілеттерін және логикалық ойларды дамыту. 2.Зайцев және дамыта оқыту технологияларын енгізу арқылы оқыту мен санауды қатар үйрете отырып, балалардың дұрыс сөйлеу, санау мәдениетін қалыптастыру.
2024-2025 оқу жылы	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту бойынша оқу іс-әрекеттерін ұйымдастыруда танымдық қабілеттерін және логикалық ойларды дамыту

2022-2023оқу жылы

1. Балалармен: Жаңартылған білім беру бағдарламасының мазмұнына сәйкес баланың денсаулығын сақтауға және нығайтуға: тұрмыста, көшеде, табиғат жағдайларында қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға және балалардың қимыл-қозғалыс тәжірибесін негізгі қимылдарды жетілдіруге баулу.

Педагогтарға: Ұйымдастырылған оқу-қызметтерін жетілдіру, инновациялық технологияларға сүйене отырып, қазіргі заман талабына сай тәрбие мен таным саласына енгізілген жаңа бағыттағы тын үрдістерді тәжірибеде орынды колдана отырып, өз білімін үнемі жетілдіру.

Ата-аналарға: Балаға салауатты өмір салтының негіздерін басты шараларын үйрету, балаға үлгі болу, шынықтыру түрлерін дамыту, қызығушылықтарын арттыру.

2023-2024 оқу жылы

1. Балалармен: Жаңартылған білім беру бағдарламасының мазмұнына сәйкес танымдық іс-әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгерту.

Педагогтарға: Әр түрлі іс-шаралар арқылы дидактикалық ойындарды қолдану арқылы балаларды математика негіздері бойынша тәрбиешілердің жұмысын жетілдіру.

Ата-аналарға: Ата-аналарды дидактикалық ойынның құрылымымен, оны оқыту міндеттерімен, балаларға ұсыну тәсілдерімен таныстыру.

Қазақстан Республикасының 27.07.2007 жылғы № 319 «Білім туралы» заңына сәйкес және 2022 жылғы 3 тамызыдағы № 348 Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының орыдалуын қамтамасыз етеді.

Педагог ұжымның жұмысы білім берудің барлық деңгейінің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына 2018 жылғы 31 қазандағы

№ 604 КРҰҚ өзгерістер енгізу туралы ҚР Білім және Ғылым министрінің 05.05.2020 жылғы № 182 бұйрығы Қазақстан Республикасындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы 20.12.2012 жылы № 557 бұйрығына өзгерістер туралы Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрінің, 12.05.2020 ж. № 195 бұйрығы, мектепке дейінгі тәрбие мен оқуды, үлгілік оқу бағдарламасына ҚР Білім және Ғылым министрінің міндетін атқарушының 12.08.2016 жылғы № 499 бұйрығына (ҚР БҒМ 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығына) қосымша сәйкес ұйымдастырылды. «Детский сад Адилек» балабақшасының қызметінің мәні мен мақсаты балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қажет жағдай жасау, балалардың дене бітімі мен психикалық жағынан саулығын қорғау және нығайту, санитарлық-гигиеналық тәртіпті сақтай отырып, балаларды жалпы шынықтыру болып табылады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұны:

- Жаңартылған бағдарлама негізінде құрастырылған перспективалық жоспар;
- Апталық циклограмма;
- Мектепке дейінгі ұйымдағы білім беру процесінің тиімділігі, сондай-ақ баланы, даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде үлгілік бағдарламаның мазмұны меңгеру бойынша мониторинг жүргізіледі (бастапқы қыркүйек айында, аралық-қаңтарда, және қорытынды-мамыр айында).

Жүктеме нормалары мен қызмет түрлерінің үйлесімі сақталады.

Балалар үшін оқулықтар, дидактикалық құралдар жеткілікті. Дамытушы онындар, дидактикалық, мазмұнды-ролдік ойындары, қимылды, ұлттық

ойындар арқылы балалардың қызығушылығын, шығармашылығын дамытамыз. Бақшамыздағы экологиялық микроклимат балалар мен ата-аналарға қатты ұнайды: гүлді алаңдар, ағаштар шыршалар аршалар отырғызылған.

Балалармен балабақша жылдық жоспар бойынша жүйелі жұмыс жүргізіп отырады. Балалармен психодиагностикалық ойындар, жаттығулар, тренингтер, мониторинг жүргізіліп тұрады. Балабақшадағы оқу тәрбие жұмысын жақсартуда педагогикалық кеңестер, семинарлар өткізіліп тұрады. Жас мамандармен кеңестерді жан-жақты қызықты өткізумен қатар заман талабына сай құнды пікірлер беріліп отырады, оқу -іс әрекетінде мультимедия, бейнематериалдар қолданылады. Балабақша ата-аналармен тығыз байланыста жұмыс і

5. Оқу-материалдық активтер

Әдістемелік ұсынымдарға

5-қосымша

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдар үшін оқу-әдістемелік кешендердің болуы туралы мәліметтер

"Мағжантай" ЖШС, "Baby boom education" балабақшасы

	Дидактикалық ойындар (санау, түс, өлшем, геометриялық пішіндер, тірі және өлі табиғат, жыл мезгілдері, кеңістікпен уақытты бағдарлау)					
1		дана	5	5	5	5
	Сенсорлық дамытуға арналған дидактикалық ойын материалдары: (визуалды, аудио, тактильді)					
2		жиынтық	1	1	1	
	Ірі бөлшектері бар конструктор (ағаш немесе пластмасса)					
3		жиынтық	3			
	Ағаш немесе пластмасса бөлшектері бар конструктор					
4		жиынтық		3	3	
	Демонстрациялық геометриялық пішіндер жиынтығы					
5		жиынтық			1	
6	Үлестірмелі геометриялық пішіндер жиынтығы	жиынтық			5	
7	Жазық геометриялық пішіндр жиынтығы	жиынтық			3	1
	Көлемді өлшеуге арналған материалдары					
8		дана				4

	бар өлшейтін стақандар мен қасықтар					
9	Әртүрлі пішінді заттар бейнеленген заттық суреттер	жиынтық		25	25	
10	Сандар кассасы	дана		25	25	25
11	Санау материалы	жиынтық		25	25	25
12	Магнитті санау жиынтығы	жиынтық				4
13	1-ден 5-ке дейінгі сандары бар карточкалар жиынтығы	жиынтық			1	
14	1-ден 10-ға дейінгі сандары бар карточкалар жиынтығы	жиынтық				5
15	5-ке дейінгі сандары бар санамақтар	дана			25	
16	10-ға дейінгі сандары бар санамақтар	дана				25
17	Санау таяқшалары	жиынтық		25	25	25
18	Құмсағаты	дана		1	1	1
19	Сандарды зерттеуге арналған ойын кілемшесі	дана		2	1	1
20	Циферблаты бар сағат	дана				1
21	Өлшеуіш лента	дана			1	1
22	Пазл Танграм	дана			25	25
23	Иінтіректері бар оқу таразысы	дана		1	1	1
24	Электронды зияткерлік ойындар	жинақ		2	2	2
25	Шахмат	жинақ			5	5
26	Дойбы	жинақ			5	5
27	20-25 бөлшекті пазлдар	дана		3	3	3
28	100 бөлшекті пазлдар	дана			3	3
29	Әртүрлі тақырыптағы лото	дана			5	5
30	Суретті домино	дана		5	5	5
32	Кубик Рубик	дана			3	3
33	Мозаика	дана		6	6	6

"Мағжантай" ЖШС, "Baby boom education" балабақшасы

балабақшасының директоры: **Бабажан.А.**



6.Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры.

Компьютермен қамтамасыз ету туралы.

№	Компьютермен қамтамасыз ету туралы.	саны
1	Компьютер	2
2	Ноутбук	1
3	Принтер	2
4	Түрлі түсті принтер	1
5	Оның ішіндегі интернетке қосылған	1
6	Мультимедиа	1
7	Проектор	1
8	Звуковая аппаратура	1
9	Фотоаппарат	1
10	Музыкальный центр	1
11	Телевизор	1

№	атауы	%
1	Жабдықтар мен сантехника	80
2	Қатты инвентарь	90
3	Жұмсақ инвентарь	85
4	Ғиматтың жағдайы	85
5	Балабақша алаңының жағдайы	95
6	Ішкі болмелердің жағдайы	90

№	Атауы	%
1	Ойышықтар	85
2	Музыкалық инструменттер	85
3	Ұлттық костюмдер	80
4	Суреттер	95
5	Көрнекіліктер	85
6	Балаларға арналған кітаптар	95
7	Әдістемелік кітаптар	80

7 Тәрбиеленушілердің білімін бағалау

Тәрбие және оқу процесін талдау, әлеуметтік және тұлғалық даму балалардың іс-әрекетінің әртүрлі түрлерін ұйымдастыру, сыртқы әлеммен танысу.

Оңтайлы жағдай жасау балаларда құрбыларымен берік қарым-қатынас. үлкендерді құрметтеу, қарым-қатынас және сөйлеу дағдыларын қарым-қатынас мәдениетін, жеке қызығушылықтарын, бастамашылдықты дербестік пен белсенді өмірлік ұстанымды дамытуға ықпал етті.